Чистая сумма денежных средств по операционной деятельности	1 136 823 889	620 987 575	1 291 609 159	1 446 493 820	1 491 782 540	1 552 315 165	1 606 646 196	1 662 878 813
Чистое поступление денежных средств по инвестиционной деятельности	52 589 535	36 148 357	682 496	18 803 064	773 892	47 300 213	870 517	870 518
Чистое поступление денежных средств по финансовой деятельности	86 678 919	81 970 942	6 586 993	17 056 185	17 816 652	11 998 578	764 017	764 017
Поступления от выпуска долговых ценных бумаг	75 000 000	75 000 000						
Выбытие денежных средств, всего	(1 302 901 817)	(752 015 514)	(1 306 026 017)	(1 445 324 744)	(1 488 116 415)	(1 645 852 002)	(1 594 161 070)	(1 641 424 312)
Погашения долговых ценных бумаг						145 195 000		75 000 000
Чистое изменение денежных средств и их эквивалентов	(26 809 474)	(12 908 640)	(7 147 369)	37 028 325	22 256 669	(34 238 046)	14 119 660	23 089 036
Остаток денег на начало отчетного периода	55 010 694	41 109 860	28 201 220	21 053 851	58 082 176	80 338 845	46 100 799	60 220 459
Остаток денег на конец отчетного периода	28 201 220	28 201 220	21 053 851	58 082 176	80 338 845	46 100 799	60 220 459	83 309 495

Прогнозы потоков денежных средств Эмитента, приведенные в настоящем приложении, зависят от предположений, оценок или методов, которые могут оказаться неправильными или неточными и которые подлежат изменению в зависимости от разных факторов, включая все экономические и политические условия, изменения в государственном регулировании, изменения в налоговых требованиях (включая изменения налоговых ставок, новые налоговые законы и пересмотр толкования налогового законодательства), результаты судебных и арбитражных разбирательств, изменения процентных ставок, обменного курса и других рыночных условий.

Эмитент не обязан и не намерен вносить изменения в настоящий проспект для обновления каких-либо прогнозных данных, раскрываемых в настоящем приложении, вследствие появления новой информации, будущих событий или иных оснований.

Бірінші облигациялық бағдарлама шектерінде облигацияларды үшінші рет шығару ПРОСПЕКТИ



Эмитенттің толық атауы:	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
Эмитенттің қысқартылған атауы:	«ҚТЖ» ҰК» АҚ
Облигациялардың түрлері:	қамтамасыз ету жоқ купондық облигациялар
Облигациялар саны:	75 000 000 (жетпіс бес миллион) дана
Шығару көлемі:	75 000 000 000 (жетпіс бес миллиард) теңге

Облигацияларды шығару проспекті жасалған күн: 31.08.2018 ж.

Қаржы көрсеткіштері ұсынылған күн: 30.06.2018 ж.

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигацияларды шығаруды (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шектерінде облигациялар шығаруды) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да болмасын ұсынымдар беруді білдірмейді, және де осы құжаттағы ақпараттың дұрыс екендігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары, онда берілген барлық ақпараттың дұрыс және инвесторлардың эмитент пен оның орналастыратын облигацияларына қатысты жаңылысуына жол бермейтінін растайды.

Акционерлік қоғам болып табылатын эмитент интернет-ресурста Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес белгіленген қаржылық есептілік депозитарийінің, корпоративтік оқиғалар, жылдық қаржылық есептілік және аудиторлық есептер туралы ақпараттың, акционерлік қоғамның аффилирленген тұлғалары тізімінің, сондай-ақ жыл қорытындылары бойынша Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 болып тіркелген «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысымен белгіленген тәртіппен және мерзімдерде атқарушы орган мүшелеріне сыйлықақының жиынтық мөлшері туралы ақпараттың орналастырылуын қамтамасыз етеді. Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 102-бабының 2-тармағындағы өзгерістерді, эмитент бағалы қағаздарды ұстаушылардың назарына Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес белгіленген қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру және олар пайда болған сәттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 болып тіркелген «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысымен белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы жеткізеді.

Астана қ., 2018 ж.

1. Осы облигацияларды үшінші рет шығару проспекті «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Эмитент) бірінші облигациялық бағдарламаны шығару проспектіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. **Эмитенттің облигациялық бағдарламасы туралы мәліметтер:**

облигациялық бағдарлама проспектінің мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі:

2016 ж. 01 ақпан, F21.

олардың көлемінде шығару жүзеге асыралатын облигациялық бағдарламаның көлемі:

200 000 000 000 (екі жүз миллиард) теңге.

облигациялық бағдарлама шектерінде облигацияларды шығарудың реттік нөмірі:

үшінші.

облигациялық бағдарлама шектерінде алдында болған барлық облигацияларды шығарулар туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шектеріндегі әр шығару бойынша жеке-жеке):

▪ **бірінші рет шығарылған облигациялардың уәкілетті органда тіркелген күні:**

2016 ж. 20 сәуір

▪ **бірінші рет шығарылған облигациялардың саны мен түрі:**

50 000 000 (елу миллион) дана, купондық облигациялар.

▪ **номиналды құны бойынша бірінші рет шығарылғандарының көлемі:**

50 000 000 000 (елу миллиард) теңге.

▪ **бірінші рет шығарылып орналастырылған облигациялардың саны:**

50 000 000 (елу миллион) дана

▪ **екінші рет шығарылған облигациялардың уәкілетті органда тіркелген күні:**

2017 ж. 17 қазан

▪ **екінші рет шығарылған облигациялардың саны мен түрі:**

25 000 000 (жиырма бес миллион) дана, купондық облигациялар.

▪ **номиналды құны бойынша екінші рет шығарылғандарының көлемі:**

25 000 000 000 (жиырма бес миллиард) теңге.

▪ **екінші рет шығарылып орналастырылған облигациялардың саны:**

25 000 000 (жиырма бес миллион) дана.

3. **Облигациялардың шығарылғаны туралы мәліметтер.**

1.	Облигациялар түрі:	Қамтамасыз етуі жоқ купондық облигациялар (бұдан әрі – Облигациялар).
2.	Бір облигацияның номиналды құны:	1 000 (бір мың) теңге.
3.	Облигациялардың саны:	75 000 000 (жетпіс бес миллион) дана.
4.	Шығарылған облигациялардың жалпы көлемі:	75 000 000 000 (жетпіс бес миллиард) теңге
5.	Облигациялар бойынша сыйақылар:	
	Облигациялар бойынша сыйақы ставкасы:	Облигациялар бойынша сыйақы ставкасы Облигациялар айналымының барлық мерзіміне бекітілген болып табылады және Облигациялардың номиналды құнының жылдық 9.25% (тоғыз бүтін жиырма бес жүздік пайыз) құрайды.
	Облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн:	Облигациялар бойынша сыйақы есептеу Облигациялардың айналуы күнінен басталады. Сыйақы есептеу Облигациялар айналымының барлық кезеңі ішінде – Облигациялардың бірінші күнінен бастап соңғы күніне дейін жүргізіледі.
	Облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні:	Облигациялар бойынша сыйақы төлеу, Облигациялардың айналымы басталған күннен бастап әр 12 (он екі) ай сайын, жылына 1 (бір) рет Облигациялар айналымының барлық мерзіміне.

		Сыйақы оны алу құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басына Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізімдері жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді (Эмитент тіркеушінің орналасқан уақыты бойынша) (бұдан әрі - «Бекітілген күні»).
	Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, Облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:	<p>Сыйақы төлеу Бекітілген күннен кейінгі күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Бекітілген күнге Облигациялар ұстаушылар тізімінде тіркелген Облигациялар ұстаушылардың ағымдық шоттарына ақша аудару (теңгемен) арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Сыйақы төлеу күніне купондық сыйақының номиналды құны мен жылдық ставкасының көбейтіндісі ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі белгілердің саны және дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес белгіленеді.</p> <p>Сыйақыны соңғы төлеу Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір уақытта жүргізіледі.</p>
	Облигациялар бойынша сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:	Облигациялар бойынша сыйақы төлеу барлық айналым мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыт базасының есебінен жүргізілетін болады.
6.	Номиналды құн валютасы, негізгі борыш және (немесе) облигациялар бойынша есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:	<p>Номиналды құн валютасы қазақстандық теңге болып табылады.</p> <p>Барлық төлемдерді (сыйақы және негізгі борыш сомасын төлеуді) Эмитент қолма-қол төлемейтін тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (қазақстандық теңге) жүзеге асырады.</p> <p>Егер Облигация ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, Облигациялар бойынша төлемдер, Облигация ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банк шоты бар болса, облигациялар ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша теңгемен жүргізілетін болады. Эмитент, тиісті төлемге дейін кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні қалғанда Облигация ұстаушы - Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда, төлемді жүзеге асырған кезде теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауға рұқсат етіледі. Аталған айырбастау төлем жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастау Облигация ұстаушы - Қазақстан Республикасының бейрезиденті есебінен жүргізіледі. Айырбастау кезінде пайда болатын Эмитент шығыстары, Облигация ұстаушы - Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударуға жататын сомадан ұсталып қалатын болады.</p> <p>Облигация ұстаушы - Қазақстан Республикасының резидентінің пайдасына Облигациялар бойынша</p>

		төлемдерді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға рұқсат етілмейді.
7.	Облигацияларды орналастырудың басталған күні мен аяқталған күні:	Облигацияларды орналастырудың басталған күні мен аяқталған күні Облигациялардың айналымы басталған күні және тиісінше Облигациялардың айналымы кезеңінің соңғы күні болып табылады.
8.	Облигациялардың айналымы басталған күн және облигациялардың айналымы мерзімі:	Облигациялардың айналымы басталған күн «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жүргізілетін облигацияларды орналастыру бойынша бірінші болған сауданы жүргізу болып табылады. Облигациялар айналымының мерзімі Облигациялар айналымы басталған күннен бастап (2024 жылдың 15 қарашасына дейін) 75 айға дейін болады.
9.	Облигациялардың айналымы жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):	Облигациялар айналымы ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы жоспарланады.
10.	Орналастырылатын облигацияларды төлеу тәсілі:	Облигациялар қолма қол төлемейтін нысанда ақшамен төленеді. Облигацияларды орналастыру «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда жүйесінде сауда жүргізу арқылы жүргізілетін болады, Облигацияларды төлеу «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.
11.	Облигацияларды өтеу тәртібі:	
	Облигацияларды өтеу күні:	олардың айналымының соңғы күнінен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде.
	Облигацияларды өтеу шарттары:	Облигациялар, Облигациялардың айналымы кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде соңғы купондық сыйақыны бір уақытта төлей отырып, Облигациялардың айналымы кезеңінің соңғы күнінің басындағы жағдайға Облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигация ұстаушылардың ағымдық шотына ақша (теңге) аудару арқылы өтеледі. Егер Облигация ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, Облигациялар бойынша төлемдер, Облигация ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банк шоты бар болса, облигациялар ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша теңгемен жүргізілетін болады. Эмитент, тиісті төлемге дейін кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні қалғанда Облигация ұстаушы - Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда, төлемді жүзеге асырған кезде теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауға рұқсат етіледі. Аталған айырбастау төлем жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастау Облигация ұстаушы - Қазақстан Республикасының бейрезиденті есебінен жүргізіледі. Айырбастау кезінде пайда болатын Эмитент шығыстары,

		<p>Облигация ұстаушы - Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударуға жататын сомадан ұсталып қалатын болады.</p> <p>Облигация ұстаушы - Қазақстан Республикасының резидентінің пайдасына Облигациялар бойынша төлемдерді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға рұқсат етілмейді.</p> <p>Облигацияларды өтеу жүргізілетін орын: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 6, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ.</p>
	Облигацияларды өтеу тәсілі:	Негізгі борыш сомасын өтеу және соңғы купондық сыйақыны төлеу Облигация ұстаушылардың тізіліміндегі деректерге сәйкес Облигация ұстаушылардың ағымдық шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылатын болады.
12.	Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу құқығы (егер осы құқық эмитент органының облигациялар шығару туралы шешімінде көзделген болса) егер эмитент органының шешімімен осы құқықты іске асыру тәртібін, шарттарын және мерзімдерін көрсетіп, облигациялар сатып алу құқығы көзделген болса, онда осы құқықты іске асыру тәртібі, шарттары және мерзімдері көрсетіледі:	Көзделмеген
13.	Облигациялар бойынша қамтамасыз ету (ипотекалық және өзге қамтамасыз етілген облигацияларды шығарған кезде): қамтамасыз ету құнының облигацияларды шығарудың жиынтық көлеміне пайыздық қатынасы; кепіл мәні, оның құны және кепіл мәніне өндіріп алу тәртібі - қамтамасыз етілген облигацияларды шығарған кезде; облигацияларды қамтамасыз ету туралы шарттың талаптары; атауы, орналасқан жері және кепілдік мерзімі мен шарттары көрсетілген кепілдік берген екінші деңгейлі банктің деректері (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілген болса)	Облигациялардың осы шығарылымы қамтамасыз етілген болып табылмайды.
14.	Концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекет кепілдігін беру туралы қаулысының деректемелері –	Облигациялардың осы шығарылымы инфрақұрылымдық облигациялардың шығарылымы болып табылмайды.

4. Эмитент ертеректе шығарған, айналым уақыты өтіп кеткен облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төлем жүргізілетін облигацияларды шығарған кезде, осы облигациялардың мемлекеттік тіркелу күні мен нөмірі, олардың түрі және саны, сондай-ақ облигацияларды шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.

Пункт қолданылмайды. Облигациялар талап ету құқығымен төленбейді.

5. Айырбасталатын облигацияларды шығарған жағдайда, келесі мәліметтер қосымша көрсетіледі:

- 1) оларға облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және бағасы, осындай акциялар бойынша құқықтар;
- 2) облигациялардың айырбасталу тәртібі мен шарттары (егер облигациялардың шығарылымы толық айырбасталатын болса, онда облигациялардың шығарылымы айырбастау аяқталған күннен бастап бір ай ішінде күшін жоюға жатады деп көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толық айырбасталмайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастыруға жатпайды, айналым мерзімінің соңында өтеледі деп көрсетіледі).

Облигациялардың осы шығарылымы айырбасталмайтын болып табылады.

6. Облигацияларды ұстаушының өкілі туралы мәліметтер:

Қолданылмайды

7. Төлем агенті туралы мәліметтер (болған жағдайда):

Облигациялар сыйақысын төлеуді және өтеуді Эмитент өз бетімен төлем агенті қызметін пайдаланбай жүзеге асырады.

8. Эмитентке облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізу және онда болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлға туралы мәліметтер мен облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер:

- 1) Эмитентке облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізу және онда болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы: «Қазақстан Халық Банкінің» еншілес ұйымы «Halyk Finance» акционерлік қоғамы.
- 2) Эмитентке облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізу және онда болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондары: Адрес: А05А1В9, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 109 «В» үй. Телефон: +7 727 357 31 77. Email: halykfinance@halykfinance.kz.
- 3) Эмитенттің «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізу және онда болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен шартының күні мен нөмірі: Қаржы консультанты мен андеррайтер қызметтерін көрсету туралы 2018 жылғы 29 тамыз.

9. Облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтары, соның ішінде:

- осы Облигацияларды шығару проспектіnde көзделген тәртіппен және мерзімдерде Облигацияларды өтеген кезде номиналды құн алу құқығы;
- осы Облигацияларды шығару проспектіnde көзделген тәртіппен және мерзімдерде Облигациялар бойынша бекітілген купондық сыйақыны алуға;
- Облигацияларды еркін сатуға және өзге түрлермен басқаруға;
- өзінің талаптарын қанағаттандыру құқығы, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларды сатып алуды талап етуге;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі қағидаларында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- «Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 15 және 18-4-баптарында көзделген сатып алу үшін негіздер туындаған, сондай-ақ Эмитент осы шығарылым проспектінің 13-тармағында көрсетілген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы;
- «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ 50% + Эмитенттің 1 жай акциясы қатынасында өзінің меншіктілік құқығын тоқтатқан болса, индекстелген құны мен есептелген сыйақысын төлеу арқылы барлық Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алуды талап ету құқығы;
- Облигациялармен «Репо» операцияларын өткізу.
- Облигацияларға меншіктілік құқығынан шығатын өзге де құқықтар.

«Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 15 және 18-4-баптарында көзделген сатып алу үшін негіздер болып табылатын жағдайлар туындаған, сондай-ақ Эмитент осы проспектінің (бұдан әрі – «**Оқиғалар**») 13-тармағында көрсетілген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда, Эмитент, туындаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушыларға олардың туындауы фактісі туралы облигацияларды ұстаушылардың өкіліне хабарлау арқылы, сондай-ақ Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында www.railways.kz, «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының интернет-ресурсында www.kase.kz, Қаржы есептілігі депозитарийінің ресми интернет-ресурсында www.dfo.kz хабарлама орналастыру арқылы хабарлауы тиіс, төмендегілерді қоса алғанда:

- ✓ Эмитенттің Облигацияларын сатып алуға апаратын аталған оқиғалардың қайсысының орын алғаны туралы ақпарат;
- ✓ Эмитентке Облигацияларды сатып алу туралы талап қою тәртібін және мерзімдерін қоса алғанда, Облигацияларды ұстаушылардың, өздерінің талаптарын қанағаттандыру жөніндегі болуы мүмкін әрекеттерін атап көрсету;
- ✓ Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпаратты.

Эмитенттің «Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 18-4-бабында көзделген Облигацияларды сатып алу үшін негіздер туындаған жағдайда, Эмитент орналастырылған Облигацияларды, жинақталған сыйақыны ескеріп, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша, немесе, қандай шаманың неғұрлым үлкен болатынына байланысты, Облигациялардың адал нарықтық бағасы бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Эмитенттің «Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабында көзделген Облигацияларды сатып алу үшін негіздер туындаған жағдайда және Эмитент осы проспектінің 13-тармақшасында көрсетілген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда, Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша, жинақталған сыйақыны ескеріп, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша орналастырылған Облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Эмитенттің Облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша Облигацияларды шығару шарттарында көзделген өзге жағдайлардан басқа жағдайларда, Облигацияларды сатып алуы көзделмеген.

Облигацияларды ұстаушылардың, осы тармақта көзделген Облигацияларды сатып алу үшін негіздердің туындауы фактісі туралы ақпарат жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Эмитент атына оған тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш жібері құқығы бар.

Облигацияларды сатып алу туралы бірінші өтінішті алған күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды.

Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы шешімі, оны қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, Эмитенттің корпоративтік веб-сайтында www.railways.kz және/немесе Эмитенттің жарғысында белгіленген бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат жариялау, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының интернет-ресурсында www.kase.kz, Қаржы есептілігі

депозитарийінің ресми интернет-ресурсында www.dfo.kz ақпарат орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізілетін болады.

Эмитент Облигацияларды сатып алуды Облигацияларды ұстаушыдан Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш алған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннен артық болмайтын мерзімде жүзеге асырады.

Облигацияларды сатып алу төлеуге жататын соманы Облигацияларды ұстаушылардың ағымдық банк шоттарына аудару арқылы жүзеге асырылады.

Сатып алу тек қана Облигацияларды ұстаушылардың берген жазбаша өтініш терінің негізінде ғана жүргізілетін болады. Облигацияларды сатып алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылардың, Облигацияларды шығару шарттарында көрсетілген олардың өтініш беру мерзімі аяқталғаннан кейін өздеріне тиесілі Облигацияларды өтеу құқығы бар.

Сыйақыны және (немесе) негізгі борышты төлеу ақшамен жүргізіледі.

Облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттен өзге мүліктік баламаны немесе өзге мүліктік құқықтарды алу құқығы көзделмеген.

10. Олар туындаған жағдайда Эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялау мүмкіндігі бар оқиғалар туралы мәліметтер:

1)	олар туындаған жағдайда Эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялау мүмкіндігі бар оқиғалар тізбесі	<p>Дефолт – бұл эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге қаржы инструменттері бойынша міндеттемелерді орындамау. Ол туындаған жағдайда, Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін Оқиға (бұдан әрі – «Дефолт оқиғасы»):</p> <p>Осы Проспектінің 13-тармағында көрсетілген шектеулердің (ковенанттардың) кез-келгеніне сәйкес келмеуі дефолтқа тең.</p> <p>Егер осындай төлемеу және (немесе) толық төлемеу, Эмитенттің Эмитенттің сыйақы және/немесе номиналды құнын төлеуді жүзеге асыруына мүмкіндік бермейтін, Облигацияларды ұстаушылардың банк шоттарының дұрыс емес немесе толық емес деректемелерін алуы, не болмаса «Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркегіші» АҚ-тың Эмитентке заңнамада белгіленген мерзімде және онымен жасалған шартқа сәйкес Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін бермегені нәтижесінде болса, Эмитенттің осы Облигацияларды шығару проспектіне белгіленген мерзімдерінде Облигациялар бойынша сыйақы және/немесе номиналды құнын төлемеу немесе толық төлемеу Дефолт оқиғасы болып табылмайды.</p>
2)	облигациялар бойынша дефолт оқиғасы болған жағдайда облигациялар бойынша сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде, соның ішінде эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау тәртібі мен талаптары бойынша облигациялар ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін қоса алғанда,	<p>Облигациялар бойынша дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент Дефолт оқиғасының туындау себептерін жою және Облигациялар ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күшті жұмсауға міндетті болады.</p> <p>Дефолт оқиғасы басталған жағдайда, Эмитент облигациялар ұстаушыларға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының қосарлы базалық мөлшерлемесінен (жылдық мөлшерлеме түрінде)</p>

эмитент алдын ала қабылдайтын шаралар

есептелетін мерзімі шегерілген әрбір күн үшін өсімпұлды ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындаған күні төлейді, бірақ ең үлкен мәннен артық емес: (i) облигациялардың номинал құнының 10%-ын немесе (ii) облигациялар ұстаушыларға келтірілген шығындар мөлшерін (нақты шығын және жоғалған пайда).

Эмитенттің тиісті органы Дефолт оқиғасы басталған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде (бұдан әрі – «Кейінге шегеру мерзімі»), барлық Облигациялар ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында, Дефолт оқиғасын шеттету бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеуі мен бекітуі тиіс, ал Эмитент іс-шаралардың көрсетілген жоспарына сәйкес Дефолт оқиғасын шеттету үшін барлық мүмкін шараларды қолдануға міндетті.

Егер Эмитентпен алдын ала қабылданған тиісті шаралар Дефолт оқиғасын кейінге шегеру мерзімі ішінде жоя алмаса және өзге де Облигациялар мен Эмитент ұстаушыларының арасында келісілмесе, Облигациялар ұстаушылар Кейінге шегеру мерзімінің соңғы күнінен келесі кейінге шегерілетін датадан бастап саналатын 10 (он) күнтізбелік күн ішінде, Облигациялардың өтеуін төлеп алу туралы тиісті жазбаша талапты немесе Облигациялар бойынша талаптар құқықтарын ұсыну арқылы жинақталған купондық сыйақы есебінен Облигациялардың номинал құнына сәйкес келетін баға бойынша оларға тиесілі Облигациялардың өтеуін төлеп алу құқықтарын немесе Облигациялар бойынша талаптар құқықтарын талап етуге құқылы.

Осындай талаптардың алғашқы талабын алғаннан кейін Эмитент осындай талапты алған датадан бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде өтеуін төлеп алуды жүзеге асырады және келесі Облигациялардың өтеуін төлеп алу күні немесе Облигациялар ұстаушылардың Облигациялар бойынша талап ету құқықтары туралы Облигациялар ұстаушылардың өкілдерін хабардар ету арқылы, сондай-ақ шешім қабылдаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде (www.railways.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) интернет – ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы хабардар етеді.

Облигацияларға өтініш беру мерзімі біткенге дейін рұқсат етілген купондық сыйақыны төлеу бойынша дефолт жағдайында, оларға тиесілі Облигациялардың өтеуін төлеп алу туралы жазбаша талаптар бермеген Облигациялар ұстаушылар оларға тиесілі Облигацияларды оларға өтініш беру мерзімінің бітуі бойынша төлеуге құқылы.

Облигациялар бойынша дефолт оқиғасы болған жағдайда Эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешім Эмитенттің уәкілетті

		<p>органымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлар келісімімен, соның ішінде Облигациялар ұстаушылардың Облигацияларға берілетін құқықтары есебінен қабылданады. Облигациялар ұстаушылар өкілдерінің міндетті қатысуымен Облигациялар бойынша дефолт оқиғасы басталған кезде келіссөздер жүргізу арқылы міндеттемелерді қайта құрылымдау шарты мен тәртібі туралы Эмитент және Облигациялар ұстаушылармен келісіледі.</p> <p>Эмитент өзінің міндеттемелерінен жартылай немесе толық орындамағаны үшін, егер бұл міндетін орындамаушылық тойтарымыз күш жағдайларының салдары болып табылса, онда жауапкершіліктен босатылады. Тойтарымыз күш жағдайлары деп алдын ала көре алмайтын немесе алдын алу мүмкін алмайтын жағдайлар (табиғи апаттар, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салушы немесе шектеу қоюшы сипаттағы актілерін қоса алғанда, бірақ шектелмей) деп түсіндіріледі. Тойтарылмас күш жағдайлары пайда болған жағдайда Эмитенттің өзінің міндеттемелерін орындау мерзімі сол уақыт ішінде осындай жағдайлар мен олардың салдарлары әрекет ететін уақыт мерзіміне өлшемдес ығысады.</p>
3)	<p>эмитент облигациялар ұстаушылардың назарына дефолт фактісі, орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себептері, өзінің талаптарын қанағаттандыру бойынша облигациялар ұстаушылардың мүмкін іс-қимылдарын, эмитентке, эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда ынтымақты немесе біріккен жауапкершілік жүктелген тұлғаларға қойылатын талаптары бар облигациялар ұстаушылардың өтініштерін беру тәртібін атап көрсету туралы ақпаратты жеткізу тәртібі, мерзімі мен тәсілдері</p>	<p>Дефолт оқиғасы басталған жағдайда, Эмитент Облигациялар ұстаушыларды Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі талаптарында белгіленген тәртіппен Эмитенттің (www.railways.kz) корпоративтік веб-сайтында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың (www.kase.kz) интернет-ресурсында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) интернет-ресурсында хабарламаны орналастыру арқылы «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың осындай сипаттағы ақпараттары және/немесе қағидалары үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген мерзімде Дефолт оқиғасы туралы хабардар етеді.</p> <p>Хабарлама келесілерді қамтиды:</p> <ul style="list-style-type: none"> • дефолт фактісі туралы ақпаратты; • дефолт пайда болған датадағы Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі; • Дефолт Оқиғасының пайда болуына әкелетін міндеттемелердің орындалмау себептері; • өзінің талаптарын қанағаттандыру бойынша облигациялар ұстаушылардың мүмкін іс-қимылдарын, Эмитентке қойылатын талаптары бар өтініштер беру тәртібі мен мерзімін атап көрсету; • Дефолт Оқиғасын жоюға арналған Эмитентпен қабылданған немесе қабылданатын шаралар; • Эмитент шешімі бойынша өзге де ақпарат.

		<p>Өзге заңды тұлғаның аталған ақпаратты ашуы қарастырылмаған.</p> <p>Эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда ынтымақты немесе біріккен жауапкершілік жүктелген тұлғаларға – болмайды.</p> <p>Эмитенттің қызметі, оның қаржылық жағдайы, соның ішінде ағымдағы қызметі, Облигациялар ұстаушылардың мүдделерін маңызды қозғайтын оқиғалар туралы ақпаратты Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі талаптарында белгіленген тәртіппен Эмитенттің (www.railways.kz) корпоративтік веб-сайтында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың (www.kase.kz) интернет-ресурсында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) интернет-ресурсында хабарламаны орналастырады.</p>
4)	<p>эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда эмитент міндеттемелері бойынша ынтымақты немесе біріккен жауапкершілік жүктелген тұлғалармен шарт жасасу күні мен нөмірі, сондай-ақ заңды тұлғаны (осындай тұлғалар болған кезде) мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі.</p>	<p>Эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда ынтымақты немесе біріккен жауапкершілік жүктелген тұлғаларға – болмайды.</p>

11. Егер опциондар эмитент облигацияларын сатып алуға мүмкіндік берсе - опциондар қорытындысының ережелері көрсетілген опциондар туралы ақпарат.

Опциондар қарастырылмаған.

12. Сыйақыны төлеу үшін және облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақы төлемінің әрбір мерзімі бөлігінде негізгі қарыздың сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақшалай қаражат көздері мен ағындарын болжау.

Сыйақыны төлеу үшін және облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақы төлемінің әрбір мерзімі бөлігінде негізгі қарыздың сомасын өтеу үшін қажетті Эмитенттің ақшалай қаражат көздері мен ағындарын болжау осы Облигацияларды шығару проспектісіне №1 қосымшада көрсетілген.

13. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңында қарастырылмаған шектеулер (ковенанттар) (егер бұл облигацияларды шығару кезінде эмитент органының шешімімен қабылданған болса). Эмитенттің және облигацияларды ұстаушының шектеулерді (ковенанттарды) бұзуы кезіндегі іс-қимылы тәртібі.

Облигацияларға өтініш беру мерзімі ішінде Эмитент белгіленген осы проспектімен келесі талаптарды сақтауға міндетті:

- 1) облигациялар ұстаушылардың келісімінсіз мүлікті меншіктен шығару күнінде Эмитент активтерінің құрамына енетін, Эмитент активтерінің жалпы құнының 25%-ынан (жиырма бес процент) асып кететін сомаға мүлікті меншіктен шығару;
- 2) облигацияларды шығарумен байланысты емес Эмитент міндеттемелерінің облигацияларды шығаруды мемлекеттік тіркеу күнінде Эмитент активтерінің жалпы құнының 10%-ынан (он пайызынан) артық орындалмау фактілеріне жол бермеу;

- 3) ұйымдық-құқықтық нысанды өзгертпеу;
- 4) облигацияларды ұстаушылармен эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы облигациялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен / немесе толықтырулар енгізбеуге келісім берместен

Эмитент аталған шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кездегі Эмитент және Облигациялардың ұстаушылардың іс-қимылы тәртібі осы проспектінің 10-тармағында көрсетілген.

14. Облигацияларды орналастырудан алынатын ақшаны пайдалану:

1)	облигацияларды орналастырудан алынатын ақшаны пайдалану мақсаты мен тәртібі	Облигацияларды орналастырудан алынатын ақша заемдарды және корпоративтік қажеттіліктерді қайта қаржыландыруға бағытталады.
2)	алынатын ақшаны жоспарлы бөлгенде өзгерістер орын алатын жағдайлар, осындай өзгерістерді көрсетумен	Облигацияларды орналастырудан алынатын ақшаны жоспарлы бөлгенде аталған мақсаттар өзгерген жағдайда, Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Облигацияларды шығару проспектісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.
3)	инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде облигациялар ұстаушылардың өкілдерімен жасалған шарт талаптарына сәйкес қызметтер көрсетумен байланысты шығындар көрсетіледі	Қолданылмайды. Аталған облигацияларды шығару инфрақұрылымдық болып табылмайды.

15. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржылық компанияның облигацияларды шығаруы кезінде қосымша көрсетіледі:

- 1) ақша талаптарының сипаттамасы, бөлінген активтер құрамына енетін талаптардың құқықтары бойынша ақшаның түсуінің болжамдық шарттары мен мерзімі;
- 2) облигацияларды орналастыру нәтижесінде арнайы қаржылық компаниямен алынған ақшаны мақсатты тағайындау;
- 3) облигациялар ұстаушыларға базалық шарт бойынша құрылған және (немесе) тапсырылған мүлікке меншік иесінің ауысқаны туралы, кредиторлар өкілдерінің арнайы қаржылық компания органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі;
- 4) бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын активтерді жобалық қаржыландыру және инвестициялық басқару мәмілелеріне қызмет көрсетумен байланысты арнайы қаржылық компания шығындарының тізбесі.

Тармақ қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржылық компаниясы болып табылмайды.

16. Секьюриттеу кезінде арнайы қаржылық компанияның облигацияларды шығаруы кезінде қосымша көрсетіледі:

- 1) оригиналордың, банк-кастодианның, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржылық компанияның және талаптардың кемімелі құқықтары бойынша төлемдер жинауды жүзеге асыратын тұлғаның атауы және орналасқан жері;
- 2) секьюриттеу мәмілесін жасау кезіндегі оригиналор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;
- 3) ақша талаптарының сипаттамасы, бөлінген активтер құрамына енетін талаптардың құқықтары бойынша ақшаның түсуінің болжамдық шарттары мен мерзімі және олардың орындалуына бақылауды жүзеге асыру тәртібі;
- 4) бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау тәртібі;

- 5) секьюриттеу мәмілесі бойынша қызметтерге төлеумен байланысты шығыстар және соған сәйкес арнайы қаржылық компанияның бөлінген активтерден берілген шығыстарды шегеру құқығының талаптары;
- 6) секьюриттеу мәмілесіне қатысатын тұлғалар мен оригинатордың секьюриттеуді қолдану тәжірибесінің болуы;
- 7) секьюриттеу мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтердің мөлшері, құрамы және олардың өсуін болжамдық талдау;
- 8) қосымша қамтамасыз ету туралы;
- 9) егер эмитент органының шешімімен облигациялардың өтеуін төлеу құқығы қарастырылса, онда аталған құқықты іске асыру тәртібі, талаптары мен мерзімі көрсетіледі;
- 10) талаптар құқықтарының біртектілік критерийлері;
- 11) облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған әртүрлі шығарылымдағы облигацияларды өтеу кезектілігі.

Тармақ қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржылық компаниясы болып табылмайды.

Басқарма Төрағасының
қаржы жөніндегі орынбасары

Бас бухгалтер



Ж.Х.Мадиев

Н.Х.Әбілова

1-қосымша. Сыйақыны төлеу үшін және облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақы төлемінің әрбір мерзімі бөлігінде негізгі қарыздың сомасын өтеу үшін қажетті Эмитенттің ақшалай қаражат көздері мен ағындарын болжау.

Көрсеткіштер	2018 ж.		2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.
	жылы	2-жартыжылдық	жылы	жылы	жылы	жылы	жылы	жылы
Операциялық қызмет бойынша ақшалай қаражаттың таза сомасы	1 136 823 889	620 987 575	1 291 609 159	1 446 493 820	1 491 782 540	1 552 315 165	1 606 646 196	1 662 878 813
Инвестициялық қызмет бойынша ақшалай қаражаттың таза түсімі	52 589 535	36 148 357	682 496	18 803 064	773 892	47 300 213	870 517	870 518
Қаржылық қызмет бойынша ақшалай қаражаттың таза түсімі	86 678 919	81 970 942	6 586 993	17 056 185	17 816 652	11 998 578	764 017	764 017
Қарыздық бағалы қағаздар шығарылымынан түсетін түсімдер	75 000 000	75 000 000						
Ақшалай қаражаттың шығарылуы, барлығы	(1 302 901 817)	(752 015 514)	(1 306 026 017)	(1 445 324 744)	(1 488 116 415)	(1 645 852 002)	(1 594 161 070)	(1 641 424 312)
Қарыздық бағалы қағаздарды өтеу						145 195 000		75 000 000
Ақшалай қаражаттың және олардың эквиваленттерінің таза өзгерісі	(26 809 474)	(12 908 640)	(7 147 369)	37 028 325	22 256 669	(34 238 046)	14 119 660	23 089 036
Есептік мерзім басталғандағы қалдық ақша	55 010 694	41 109 860	28 201 220	21 053 851	58 082 176	80 338 845	46 100 799	60 220 459
Есептік мерзім соңындағы қалдық ақша	28 201 220	28 201 220	21 053 851	58 082 176	80 338 845	46 100 799	60 220 459	83 309 495

Осы қосымшада келтірілген Эмитенттің ақшалай қаражаты ағынын болжау әр түрлі факторларға, соның ішінде барлық экономикалық және саяси жағдайларға, мемлекеттік реттеудегі өзгерістерге, салық талаптарындағы өзгерістерге (салық мөлшерлемелерінің өзгерістерін, жаңа салықтық заңдар мен салық заңнамасының түсіндірмесін қарап шығуды қоса алғанда), сот және төрелік сот істерінің нәтижелеріне, пайыздық мөлшерлеме өзгерістеріне, айырбас

бағамдарына және басқа да нарықтық жағдайларға байланысты дұрыс емес және анық емес болжамдарға немесе өзгерістер енгізілуі мүмкін болып табылатын бағалауға немесе әдістерге байланысты.

Эмитент жаңа ақпараттың, болашақ оқиғалардың немесе өзге де негіздеулердің пайда болуы салдарынан осы қосымшада ашылатын қандай да бір болжамдық деректерді жаңарту үшін осы проспектіге өзгерістер енгізуге міндетті емес және ниетті емес.

Прошито и пронумеровано
на 79 листах

Заместитель Председателя Правления
по финансам АО «НК «КТЖ»

Amangaliyev
Главный бухгалтер АО «НК «КТЖ»



«Қазығұста» ЖШС
Президентінің орынбасары

Сыртқы
ТІРІСЕЛІ

2016 ж. « 11 Беркүлік »